



ЖЭЭНБЕКОВТЫҢ БАСШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚЫРҒЫЗСТАННЫҢ АЙМАҚТЫҚ САЯСАТЫ

Соңғы екі жылда Орталық Азиядағы аймақтық ынтымақтастық кейбір аймақ елдеріндегі саяси құрылымның өзгеруіне байланысты елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұл үрдіске Орталық Азиядағы «демократиялық арал» ретінде сипатталатын Қырғызстанның аймақтағы ерекше орны да әсер етті. Сондықтан Қырғызстанның қазіргі сыртқы саясатын және оның Орталық Азиядағы аймақтық ықпалдастық үлесіне ықпалын зерттеу аса маңызды.

Қырғызстанның бесінші президенті Сооронбай Жээнбеков 2017 жылы қазан айында аймақтық басшылар мәселелерді шеше бастаған кезде билік басына келді. Ол саяси режимнің өзгеруі нәтижесінде билік басына келмеген алғашқы Қырғызстан Президенті болды. Президент Жээнбековтың Қырғызстанның бұрынғы Президенті Алмазбек Атамбаев басқаратын Социал-демократиялық партияның негізін қалаушылардың қатарында болғаны мәлім. Осыған байланысты, қызметін алғаш бастаған кезде Атамбаевтың қолөңкесіндегі басшы ретінде қабылданған Жээнбеков уақыт өте келе өзінің бұрынғы басқарушысының ықпалынан арылды. Негізінен елдің оңтүстігінен келген күшті қолдаумен отбасы мүшелерінен тұратын командасы діни элементтермен аралас консервативті көзқарас ұстанады.

Президент Жээнбековтың халықаралық қызметіне келетін болсақ, оның барлық Орталық Азия мемлекеттеріне сапармен барғанын және осы аймаққа ерекше назар аударғанын көруге болады. Президент 2017 жылғы желтоқсанда Өзбекстан мен Қазақстанға, 2018 жылдың ақпан айында Тәжікстанға және 2018 жылдың тамызында Түрікменстанға сапармен барды. Көпшілік ынтымақтастық шеңберінде Президент 2018 жылы наурызда Астанада өткен Орталық Азия мемлекет басшыларының саммитіне қатысты. Қырғызстан мен Түркия арасындағы Стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі жоғары кеңестің төртінші отырысын өткізді және Қазақстан, Түркия және Татарстан (Ресей) Президенттері мен Венгрия Премьер-министрі қатарлы жоғары деңгейдегі қонақтардың қатысуымен Үшінші Дүниежүзілік көшпенділер ойынын ұйымдастырды.

Президент Жээнбековтың сыртқы саясатының басымдықтары Ресей, Қытай және Қазақстан сияқты Қырғызстанның басты стратегиялық әріптестері айналасында шоғырланды. Инаугурацияда сөйлеген сөзінде Президент Жээнбеков Орталық Азия елдерінен кейін Ресейге басымдық беретінін мәлімдеді. Демек, Жээнбеков Қырғызстанның сыртқы саудасының 50%-ынан астамын құрайтын Ресейге өзінің алғашқы шетелдік сапарын жасап, Қырғызстанның Ресейге деген адалдығын көрсетті. Айта кету керек, Қырғызстан экономикасы көбінесе Ресей мен Қазақстанда жұмыс істейтін қырғызстандық еңбек мигранттарының ақша аударымдарына өте тәуелді. Бұл елдің ЖІӨ-інің шамамен 30%-ын құрайды. Сондықтан, көші-кон амнистиясын қолдану және Қырғызстан азаматтарын «қара тізімнен» шығару туралы келісім Жээнбековтың Ресейге қатысты маңызды жетістігі ретінде саналады. Ресеймен қарым-қатынастар Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) аясында да

нығайтылып жатқанын атап өткен жөн. ЕЭО-ның және ортақ валютаны енгізудің белсенді жақтаушыларының бірі ретінде Жээнбеков одақтың әлеуетіне қатысты оптимизмге ие. ЕЭО мүшелігі экономика және сыртқы саясат тұрғысынан Ресейдің Қырғызстандағы ықпалының айтарлықтай өсуіне алып келді. Бұған қоса, Ресей Президенті Владимир Путиннің 2019 жылдың наурыз айында Бішкекке жасаған сапары кезінде тараптар елдің солтүстігіндегі Кант қаласында орналасқан Ресей әуе базасының аумағын 60 гектарға кеңейтуге және жылдық жалдау ақысын 4,5 млн. доллардан 4,79 млн. долларға дейін арттыруға келісті.

Қырғызстан Президентінің Қытайға алғашқы мемлекеттік сапары 2018 жылдың маусым айында Циндаодағы Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) мемлекет басшыларының саммитіне қатысқан кезде болған еді. Жээнбеков кездесу барысында қытайлық әріптесімен ғылыми және инновациялық ауыл шаруашылығы технологиялық паркттерін құруға, ветеринарлық және фитосанитарлық зертханаларды жабдықтауға, Бішкектегі жол желісін дамытуға және елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жобаларды жүзеге асыруға 600 млн. юань көлемінде грант бөлу туралы келісім жасалды. Тағы бір маңызды жоба – әлі де жүзеге асырылып жатқан «Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан» теміржолы. 5 млрд. долларлық теміржол жобасы Қырғызстанның сауда-экономикалық қарым-қатынастарын дамытуға ықпал етеді деп күтіледі. Дегенмен, қытайлық инвестициялар ел үшін үлкен ауырталық тудырып отырған қоғамда күшейіп келе жатқан антиқытайлық көңіл-күйі де Бішкектің Пекинмен қарым-қатынастарына ықпал етуде. Мысалы, 2013-2018 жылдары Қытайдың Қырғызстанның сыртқы қарызындағы үлесі 2%-дан 44%-ға дейін өсті.

Сонымен бірге, Жээнбеков Қырғызстанның Орталық Азия бағытталған сыртқы саясатын қалпына келтіре бастады. Әсіресе, шекаралық даулы аймақтар мен Қамбарата бөгетінің құрылысына қатысты ұзаққа созылған мәселелері болған Өзбекстанмен қарым-қатынастарда жылымық орнады. Өзбекстан мен Қырғызстанның мүдделерін толық қанағаттандыратын «Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан» теміржол жобасы өзара ынтымақтастықтың маңызды бағытына айналды. Бұған қоса, тараптар шекаралық мәселелер бойынша келіссөздерді күшейтіп, екіжақты саудаға жәрдемдесу үшін кедендік рәсімдерді жеңілдету туралы келісімге қол жеткізді.

Жээнбековтың Нұр-Сұлтанмен қарым-қатынасы Президент болып сайланар алдында 2017 жылдың күзінде пайда болған қазақ-қырғыз шекарасындағы жағдайды реттеу туралы дипломатиялық сынақтан басталды. Екі бауырлас халық арасындағы байланыстар 2017 жылы қыркүйек айында президенттікке үміткер Өмірбек Бабановтың сол кездегі Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен кездесуінен кейін нашарлады. Президент Атамбаевтың Қазақстанның атына қатаң сын айтуы қазақ-қырғыз шекарасындағы мәселелерге және жүк көліктерінің кептелісіне алып келді. Атамбаевтың бірқатар сыни пікірлерінен

кейін жанжал одан әрі күшейе түсті. Бұл Қырғызстанның ЕЭО-ға кіруі аясында Қазақстан тарапынан қамтамасыз етілген 100 млн. доллар көлеміндегі техникалық көмектен бас тартуына да себеп болды. Бұл жағдай Қырғызстандағы президенттік сайлаудан кейін 2017 жылы 30 қарашада Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) отырысында Назарбаев пен Жээнбеков экономикалық ынтымақтастықтың жол картасына қол қойғанынан кейін ғана реттелді.

Экономикалық және энергетикалық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған Тәжікстанмен өзара іс-қимыл да шекаралық мәселелермен күрделене түсті. Тараптар келіспеушіліктерді реттеу процесін бастады, бірақ мәселе рәсімнен де тым күрделі. 976 шақырымдық қырғыз-тәжік шекарасының 504 шақырымы ғана делимитацияланып, демаркацияланған және бұл шекаралық дау екіжақты ынтымақтастықтың негізгі кедергілерінің бірі болып табылады. 2019 жылдың 13-14 наурызында Қырғызстанның Ақсай ауылы мен Тәжікстанның Мехнабад ауылының тұрғындары арасында Баткен ауданындағы Ақсай-Тамдық айналма жолының құрылысына байланысты қаттығыс туындады. Күшті қаттығыстар нәтижесінде екі тәжік өлтіріліп, екі тараптан да жаракат алғандар болды. Дегенмен, 2018 жылы Тәжікстанмен тауар айналымы 2017 жылмен салыстырғанда 54%-ға өскені ерекше назар аударарлық жайт болып отыр. Себебі Өзбекстанмен тауар айналымы тек 8,6%-ға өсті, ал Қазақстан және Түрікменстанмен сауда тиісінше 5% және 10%-ға төмендеді. Бұған қоса, Бішкек пен Душанбе әсіресе Қырғызстан мен Тәжікстанда электр энергиясын өндіруді және одан әрі Ауғанстан мен Пәкістанға сатулы қолдайтын CASA-1000 жобасын іске қосу шеңберінде энергетикалық ынтымақтастықты дамытуға мүдделілік танытып отыр.

Сонымен бірге, Қырғызстанның Түрікменстанмен ынтымақтастығы екі ел арасында ортақ шекара болмағандықтан бөлім ең аз проблемалы қарым-қатынастар болып табылады. Екі мемлекет те сауда-экономикалық байланыстарын дамытуға мүдделі және бұл жағдай аймақтағы су-энергетикалық мәселелерді шешуге үлес қосуы мүмкін. Жээнбековтың Түрікменстанға сапары барысында тараптар стратегиялық әріптестік туралы декларация және екіжақты салық салуды болдырмау туралы келісімді қоса алғанда, бірқатар басқа да құжаттарға қол қойды.

Қорытындылай келе, Қырғызстан өзінің әлсіз экономикасы мен сыртқы қолдауға тәуелділігіне байланысты аймаққа қатысты икемді саясат жүргізуге ұмтылады. Бішкек Орталық Азия мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың бағытын қолдай отырып, бауырлас мемлекеттермен мәселелерді шешуге және олармен тиімді ынтымақтастықты дамытуға мүдделі. Сондықтан Орталық Азия мемлекеттері, соның ішінде Қырғызстан шекаралық, су және энергетикалық мәселелерді шешу үшін осы кедергілерді еңсеруге және өзара тиімділікке негізделген прагматикалық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған.

Жазушы: Альбина Мұратбек,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- Түркия Сыртқы істер министрі Мевлют Чавушоглу Вашингтонда өткен НАТО Сыртқы істер министрлері кездесуінде сөйлеген сөзінде Анкараның Ресеймен де, Батыспен де конструктивті қарым-қатынастарды дамытатынын айтты. Министрдің сөзіне қарағанда, тәуелсіз және егемен мемлекет ретінде Түркия барлық көрші елдермен жақсы қарым-қатынаста болуға тиіс және Ресей мен басқа елдер арасында таңдау жасау қажет емес.
- Қазақстан Республикасы Президентінің міндетін уақытша атқарушы Қасым-Жомарт Тоқаев алғашқы шетелдік сапармен Ресейге барды және әріптесі Владимир Путинмен кездесті. Мемлекет басшылары екіжақты саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, сондай-ақ, аймақтық және халықаралық мәселелерді талқылады. Сонымен қатар, тараптар екі ел арасындағы дәстүрлі достық қарым-қатынастарды нығайтуға уәде беріп, бірлескен мәлімдеме жасады.
- Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына (ҰҚШҰ) мүше мемлекеттер Мәскеуде қару-жарақты бақылау, қарусыздану және ядролық қаруды таратпау саласындағы ынтымақтастық туралы кеңес өткізді. Делегациялар осы саладағы қазіргі ахуал мен оны одан әрі дамыту перспективалары туралы пікір алмасты және ғарышта қару-жарақпен жарысуды болдырмау сияқты халықаралық қауіпсіздіктің өзекті мәселелеріне қатысты көзқарастарын үйлестірді.
- Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) Сыртқы істер министрлері кездесі халықаралық және аймақтық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді, сондай-ақ, ұйым шеңберіндегі экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейту перспективаларын талқылау үшін Мәскеуде кездесті. Атап айтқанда, тараптар фундаменталды зерттеулер саласында мемлекетаралық қатынастарды үйлестіру және мұражайлық зерттеулер саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдердің жобаларын қарады.
- Душанбеде тәжік-қырғыз шекарасын делимитациялау және демаркациялау жөнінде үкіметаралық комиссияның отырысы өтті. Кездесу нәтижесінде хаттамаға қол қойылып, оған сәйкес тараптар 504 шақырымы ғана демаркацияланған 976 шақырымдық шекара бойындағы дау-жанжалдың алдын алу бойынша ынтымақтастық туралы келісімге келді.
- Өзбекстан Сыртқы істер министрі Абдулазиз Камилев бастаған делегация Ауғанстан Президенті Ашраф Ғанимен кездесу үшін Кабулга сапармен барды. Кездесу барысында тараптар Ауғанстандағы бейбітшілік үдерісін, соның ішінде Ташкентте Ауғанстан орталық үкіметі мен Талибан қозғалысы арасында келіссөздер жүргізу мүмкіндігін, аймақтық байланыстар, инфрақұрылымдық жобалар және екі ел арасындағы экономикалық байланыстарды талқылады.
- Ташкентте Қазақстан мен Өзбекстанның Қауіпсіздік кеңестері екіжақты кездесу өткізді. Тараптар Ауғанстандағы ахуал тұрғысынан аймақтық қауіпсіздік пен тұрақты даму мәселелерін, сондай-ақ, контрабандамен және кедендік заңнаманы бұзудан құресуде шекара қызметі мен кеден органдарының өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру жолдарын талқылады.

Экономика, қаржы және энергия

- «Өзбекстан теміржолы» стратегиялық маңызы бар Әндіжан-Савай-Ханабад теміржолын жаңғырту және осы жолда қалааралық жолаушылар тасымалын ұйымдастыру бойынша жаңа жобаны жүзеге асыруда. 15 млн. доллардан асатын жоба 50 шақырымдық теміржол желісін жаңғыртуды және Қырғызстан аумағын айналып өтетін жаңа 10,5 шақырымдық сегментті салуды көздейді.
- Өзбекстанның Термез қаласында Өзбекстан-Тәжікстан сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық комиссияның кезекті отырысы өтті. Келіссөздердің қорытындысы бойынша тараптар келісілген шаралар арқылы сауда-саттық, энергетика, көлік, ауыл шаруашылығы, жөніл өнеркәсіп және ғылым саласындағы өзара тиімді екіжақты ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге мүдделілігін растайтын хаттамаға қол қойды.
- Ресейдің «Челябинск құбыр-прокат зауыты» ААҚ «Түрікменстан-Ауғанстан-Пәкістан-Үндістан» газ құбырына құбырларды жеткізу үшін «Түрікменгаз» мемлекеттік концернінің тендерін жеңіп алды. 219 млн. доллар бағаланатын мәмілеге сәйкес, ресейлік зауыт құбырдың 214 шақырымдық бөлігін салу үшін құбырлар жеткізетін болады.
- Ресей Федерациясының Өнеркәсіп және сауда министрі Денис Мантуров бастаған делегацияның Әзірбайжанға сапары барысында тараптар экономикалық ынтымақтастық туралы бірқатар келісімдерге қол қойды. Бірлескен бизнес-форумда экономиканың әртүрлі салаларында, соның ішінде ауыл шаруашылығы, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ), автомобиль өнеркәсібі, химия өнеркәсібі және басқа да салаларда жұмыс істейтін 60-тан астам ресейлік компания өкілдері Әзірбайжан кәсіпкерлерімен серіктестік орнатты.
- Қазақстан Республикасының Сандық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің делегациясы Әзірбайжанға жұмыс сапарымен барып, елдің мемлекеттік қызметкерлерімен кездесті. Келіссөздер барысында тараптар Каспий теңізіндегі екіжақты өзара іс-қимылдың перспективалары, сондай-ақ көлік, қорғаныс және аэроғарыш, АКТ, цифрландыру, әскери-техникалық ынтымақтастық және басқа да ортақ мүдделі салалар бойынша пікір алмасты.
- Азия даму банкінің болжамына сәйкес, Қазақстанның экономикалық өсімі 2019 және 2020 жылдары мұнай бағасының төмендеуі және Қытай мен Ресей экономикалық өсуінің төмендеуі есебінен бәсеңдейтін болады. Банктің мәліметтері бойынша, 2018 жылы 4,1%-ды құраған Қазақстанның ЖІӨ-нің өсуі 2019 жылы 3,5%-ға, 2020 жылы 3,3%-ға дейін төмендейді. Орташа инфляция 6% деңгейінде қалып, 2020 жылы 5,5%-ға дейін төмендейді деп күтілуде.
- Дүниежүзілік банктің есебіне сәйкес, 2018 жылы украиндық еңбек мигранттарының елге жіберген ақша аударымдарының көлемі 2017 жылға қарағанда 19%-ға артып, 14 млрд. доллардан асты. Осылайша, Украина Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Ресейден алға шығып, Еуропа мен Орталық Азия елдері арасында ақша аударымдарының ең үлкен көлемін қабылдаған.

Қоғам және мәдениет

- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәліні қабылдады. Кездесу барысында Қыдырәлі Назарбаев академияның ағымдағы қызметі мен болашақ жұмыс жоспарлары және Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің соңғы отырысында қойылған міндеттерді жүзеге асыру барысы туралы баяндады.
- Қырғызстан Президенті Сооронбай Жээнбеков қол қойған жарлыққа сәйкес, 2010 жылғы сәуір революциясының 10 жылдығына байланысты іс-шараларды дайындау және өткізумен айналысатын ұйымдастыру комитеті құрылды. Комитетке революция құрбандарын еске алу шаралары жоспарын дайындау тапсырылды, ал үкімет осы жоспарды іске асыру үшін қаржылық кедергілер мен басқа да мәселелерді шешуге тырысатын болады.
- Бішкекте Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанның төтенше министрліктерінің алғашқы бірлескен кездесуі өтті. Үш елдің өкілдері трансшекаралық табиғи және техногендік апаттарға қарсы әрекет ету саласында тәжірибе бөлісіп, трансшекаралық ынтымақтастықты жақсарту жолдарын қарастырды. Сондай-ақ, тараптар апат қаупі үшін бірыңғай ертерек ескерту жүйесін құру мәселесін де талқылады.
- ТМД Парламентаралық Ассамблеясы жанындағы Қоғамдық денсаулық сақтау бойынша сарапшылық кеңес ТМД елдеріндегі медициналық туризмнің дамуын талқылау үшін Санкт-Петербургде отырыс өткізді. Қатысушылар денсаулық сақтаудың коммерциялануы, құндар арасындағы үлкен айырмашылық, халықаралық медициналық сақтандырудың дамымауы және медициналық туризмнің басқа да өзекті мәселелерін қарастырды.
- Қазақстанның Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Брюссельдегі Қазіргі заманғы білім беру және ғылыми-зерттеу институтында өз өкілдігін ашты. Өкілдікке еуропалық университеттермен ынтымақтастықты дамыту, қос дипломды бағдарламаларды ілгерілету, ЕО ғылыми гранттары шеңберінде қазақстандық зерттеушілер үшін әріптестер іздеу және Қазақстанға еуропалық студенттерді тарту міндеті қойылды.
- Биылғы жылы өзінің 1000 жылдық мерейтойын атап өтетін Беларусь Республикасының Брест қаласы 2019 жылы ТМД-ның мәдени астанасы мәртебесіне ие болды. Брест – бұл мәртебеге ие болған 15-ші қала. Брестте ТМД елдерінің өкілдерінің қатысуымен 30-дан астам ірі мәдени іс-шара өткізу жоспарланып отыр.
- Әзірбайжан Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, Әзірбайжан халқының саны ресми түрде 10 миллионға жетті. Әзірбайжанның 10 миллионыншы тұрғыны болып тіркелген сәби Таулы Қарабақ аумағынан жер аударған жұптың отбасында Бакуде дүниеге келді. Қыз балаға Әзірбайжанның бірінші ханымы мен Бірінші вице-президенті Мехрибан Әлиеваның құрметіне Мехрибан есімі берілді.